



"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша әкімшілік ережелер туралы" N 43 ~V950080 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 62 Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі
әкімшілік ережелер туралы" N 43 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды
бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 V970062_ бұйрығы. -----

1. IV тарауда:

1-тармақта:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізінен қолма қол ақшамен жұмыс істейтін және тауарлар сату, жұмыс
орындау және қызмет көрсету бойынша шектеулі айналымы бар, сондай-ақ
оларға шектеулі адамдар тартылған жеке және заңды тұлғалар бойынша салық
қызметі тиісті қаржы органдарының келісім бойынша қызмет түрлерінің тізбесін
(шаруа, фермерлік шаруашылықтарды және ауылшаруашылық тауарларын
өндірушілерді қосқанда) патент негізінде салық төлеу тәртібін айқындайды.

Патент құнына салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді өзіне қосатын нақтыланған жиынтық салық енеді. Қызмет түрлерінің тізбесі осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген".

2-тармақтағы "жүргізу" деген сөзден кейін "салықтық және" деген сөздермен толықтырылсын.

Мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

Жүк тиеу құжаттарының, сондай-ақ салықтық шот-фактуралардың растығы үшін тауарларды жеткізушілер (жұмыс орындаушылар, қызмет көрсетушілер) жауап береді.

5-тармақтағы "немесе төрелік сот" деген сөздер алынып тасталсын.

6-тармақтың екінші азатжолындағы "бірлескен қызмет түрлерімен және т.б. байланысты емес шаруашылық келісімдерге қатысты" деген сөздер алынып тасталсын.

2. V тарауда:

7-тармақтағы екінші азатжолдың "1-қосымшасындағы" деген сөз "5-қосымшасындағы" деген сөзбен ауыстырылсын.

3. YIII тарауда:

Тараудың атауында "Құқық" деген сөзден кейін "және міндеттері" деген сөзбен толықтырылсын.

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Салық төлеуші:

- ұсынылған жазба негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеуге байланысты есептік құжаттар мен мүліктерді тексеру үшін ұсынуға;

- ұсынылған жазба негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерін табыс алу үшін пайдаланылатын немесе салық салу мазмұнына ие объектілерге байланысты өндірістік, қойма, сауда басқа да үйлер мен көліктерді тексеру үшін рұқсат етуге;

- қолма қол ақшалармен жұмыс істеу кезінде фискалды зердесі бар бақылау-кассалық аппараттар арқылы және сатып алушы-тұтынушыға бақылау чектерін бере отырып фискалды карталарды пайдаланудың компьютерлік желілерімен операциялар жүргізуге міндетті.

бақылау-кассалық аппараттар мен фискалды карталарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. IX тарауда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің актілеріне сәйкес салықтық есептер бойынша құжаттамаларды жүргізуге міндетті.

2. Салық төлеушілер бес жыл бойы қағаз, электронды немесе магнитті жазбаларда салықтық есеп бойынша құжаттарды сақтауға міндетті".

5. X тарауда:

1-тармақта:

бірінші азатжол "декларацияға" деген сөзден кейін "есеп айырысулар" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"- бағалы қағаздар эмиссияларын тіркегені үшін алымдар бойынша - бағалы қағаздар эмиссияларының проспектілерін тіркеген сәттен бастап 30 күн ішінде"; азатжолдағы 11-сөйлемінің "жылдың 31 наурызына дейін" деген сөздер "жылдың 31 наурызынан кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. XIII тарауда:

1-тармақта:

2 және 3 азатжолдардағы "есеп айырысу және басқа да" деген сөздер "банктік" деген сөзбен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша;

4-азатжолда:

"оған" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын;

"шетел валютасымен бағаланатын теңге бағамын қолдана отырып, салық төлеушілердің валюталық шоттарынан" деген сөздер "тағайындалған шетел валютасына теңге бағамын қолдана отырып, салық төлеушінің банктік шоттарындағы шетел валютасының қаражаттарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салық қызметі органдарының инкассалық тапсырыстарын (өкімдерін) шығарғаннан кейінгі күннен бастап 10 банктік күн ішінде" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші азатжолдағы "ақша қаражаттары", "ақша қаражаттары" және "есеп айырысу (ағымдағы)" деген сөздер тиісінше, "ақша", "ақша" және "банктік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 және 8-азатжолдардағы "есеп айырысатын және басқа да", "есептік және басқа да" деген сөздер тиісінше "банктік" және "банктік" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"- салық қызметінің қызметкерлерін банк шоттары бойынша жасалатын

операцияларды (немесе ағымдағы), бұл шоттардағы қолма қол ақшаларды тексеруге рұқсат етілсін";

тоғызыншы азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

Салық қызметінің органдарына жазбаша сұрау салу негізінде тексерілетін салық төлеушінің белгілі бір кезең ішінде банктік шоттармен жасалған операциялар туралы, шоттарындағы қолма қол ақшалар туралы, оның өткен жыл ішінде жасалған қаржы операциялары туралы және қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілеген үлгі мен мерзімде тағайындалған сыйақылар (мүдделер) ставкасы туралы ақпараттарды ұсынады."

7. XVI тарау:

1-тармақта:

а) тармақшаның 4-азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджет төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Жарлықтың 50-бабының 1-тармағына сәйкес көзден ұсталатын заңды және жеке тұлғалар:

1) банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік және басқа да ұйымдардың жалақыларын төлеуге арналған қаражаттарды алу кезінде бір мезгілде ол қаражаттарды ала отырып, басқа жағдайларда-төлем жасалған айдан кейінгі бес банктік күн ішінде бюджетке салық аударуға;

2) жалақы төлеу кезінде табыс алатын заңды тұлғаға оның талап етуі бойынша оның тегі және инициалы, табыс сомасы мен түрі, сондай-ақ ұсталған салық сомасы (егер салық ұсталған болса) көрсетілген анықтаманы беруге;

3) салық жылы аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде осы тұлғаның тіркеу нөмірі, оның атауы немесе тегі және инициалы, табысының жалпы сомасы және есепті жыл үшін ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетілген анықтаманы оның талап етуі бойынша Жарлықтың 50-бабының 1-тармағына сәйкес табыс алған заңды және жеке тұлғаға жолдауға міндетті"

б) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"- ҚР резидентінің бюджетке төленетін салығы тауарларды сатуды (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүргізгенде сол есепті кезеңге жүргізіледі";

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) бағалы қағаздар эмиссияларын тіркегені үшін алымдар бойынша;

- иммитент бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегенге дейін алым сомасын бюджетке енгізеді";

и) тармақшасының екінші азатжолындағы "аванстық" деген сөз алынып тасталсын.

8. XVII тарауда:

3-тармақта:

бірінші азатжолдағы соңғы сөйлем алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

есепті кезең үшін есептелген сомадан жоғары есептемеге жататын салық сомасының артуы қосылған құнға салынатын салық бойынша алдағы төленетін төлемдердің есебіне есептеледі.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымы бар салық төлеушілерге мұндай сомалар салық төлеушінің өтінішін салық қызметі сәттен бастап тоқсан күн ішінде мұндай сома қайтарылады.

Салық есептелген сомадан жоғары есептемеге жататын салық сомасының артуы есепті кезең ішінде пайда болса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналысы бар салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық сомасын қайтару туралы арызбен салық органдарына өтініш білдірмесе, онда көрсетілген артқан сома есепті кезеңнен кейінгі кезеңге есептеледі.

Егер нөлдік ставка бойынша айналымы бар салық төлеушілердің тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен табыстарының көлемі қосылған құнға салынатын салықтың орны толтырылатын сомасын оның алуына байланысты, шегерімге жататын шығындардан төмен болған жағдайда кәсіпкерлік қызметтің шығыны жинақталған сомаларға кемітіледі (жиынтық жылдық табыстан көзделген шегерімдерден артуы)."

9. XVIII тарауда:

5-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"Күштеп таратылған банктердің несие алушыларына банктің таратылуына

байланысты пайда болған салықтарды және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді уақытылы төлемегені үшін айыппұлдар мен өсімақылар банктің күштеп таратылған күнін растайтын ресми құжат күшіне енген сәттен бастап есептелмейді."

10. XX тарауда:

3-тармақта:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Берешектерді төлеу бойынша салық төлеушінің келісімі: салықтар бойынша салық төлеушінің декларациясын ұсынуы; анықталған және есептелген, сондай-ақ салықтар, айыппұлдар және өсімақылар бойынша ұсынылған

берешектерді бес банктік күн ішінде шағым жасалмаса оның дебиторы болып саналады";

төртінші азатжол алынып тасталсын.

11. ХХІ тарауда:

2-тармақтағы "мүлік" деген сөзден кейін "алынады немесе" деген сөздермен толықтырылсын.

12. ХХVІ тарауда:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстанда тұрақты мекеменің көрсеткен қызметті үшін табыстар Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты мекеме есебінен айналып есептелсе, онда субъект осы анықтама беретін орган көрсетіліп салық инспекциясы берген, тұрақты мекеменің салық төлеушінің тіркеу нөмірімен анықтаманы алуы керек. Бұл ретте тікелей табыс төлейтін субъект осы тұрақты мекеменің шотын айналып өтіп, үшінші тұлғаның шотына қаражаттарды аудару туралы тұрақты мекеме тіркелген салық органын хабардар етуге міндетті. Көрсетілген анықтама болмаған жағдайда табыс салығы төлем көздерінен ұсталуы керек.

Одан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында жасалатын операцияларды жүзеге асыру кезінде табыс төленетін салық төлеуші қызмет көрсететін субъект шотынан айналып өтіп, үшінші тұлға шотына төлем жасаса, көрсетілген қызметтер субъектінің тіркелу орны бойынша салық қызметінің органын хабардар етуі керек.

Салық қызметі органдарына салық төлеушілердің жолдайтын хабарламалары жазбаша түрде жасалуы, басшылары мен бас бухгалтерлерінің тегі және инициалдары көрсетіле отырып қол қойылған, елтаңбалы мөрмен бекітілген және арнаулы почтамен жолданған болуы керек (хабарламаның үлгісі осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген).

Есеп айырысулар мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде заңды тұлға-банк клиенті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындалған міндетті реквизит көрсетілген есеп айырысу құжатын ұсынады.

Электрондық тәсілмен есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ банк алушының ақшасын корреспонденттік шотқа банк-төлеушінің ақшаны аударған кезінде есеп айырысу құжаттарының электрондық үлгісі міндетті реквизиттерге ие болуы керек.

Көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда қолданылып жүрген заңдарда көрсетілген ережелерге сәйкес салық төлеушілер жауапқа тартылады.

Белгілі бір міндетті реквизиттерге ие емес есеп айыру құжаттарын қабылдағаны үшін банктерге қолданылып жүрген заңдарда көзделген айыппұл санкциялары қолданылады.

13. XXVII тарауда:

1 және 2-тармақтардағы "1,5 еселенген" және "1,5 еселенген" сөздерден кейін "ресми" және "ресми" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың үшінші азат жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нөлдік ставка бойынша айналымы бар салық төлеушінің пайдасындағы айыпақы есепті кезең үшін салық есептелген сомадан жоғары есептемеге жататын салық сомасынан артық соманы уақытылы қайтарылмағаны үшін салық төлеушінің жазбаша өтінішін салық қызметі алған сәттен тоқсан бір күннен бастап есептеледі".

14. XXVIII тарауда:

бесінші азатжолдағы:

"ағымдағы" деген сөзден кейінгі "және аванстық" деген сөз алынып тасталсын;

"есепте көрсетілмей тауарларды сату (жұмыстарды беру, қызметтерді көрсету) бойынша операцияларды жүргізгені үшін" деген сөздер "тауарларды (жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) есепке алу мен сату бойынша жасалатын операциялардың есепке алу құжаттарында көрсетпегені үшін" деген сөздермен ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

15. XXIX тарауда:

2-тармақтағы

"және аванстық", "және аванстық" және мысал алынып тасталсын;

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) есепке алу мен сату бойынша жасалатын операциялардың есептік құжаттарында көрсетпегені үшін көрсетілген тауарлардың (жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің) көрсетілген құнының 100 процент көлемінде айыппұл салынады."

3-тармақтағы екінші азатжолдың "Есептемеге көрсетілмеген тауарларды сату (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша жасалатын операциялар тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен кірістерді кемітуге ықпал еткен операциялар болып табылады" деген сөйлем, сондай-ақ мысал алынып тасталсын.

16. XXX тарауда:

1-тармақта:

1 және 2-тармақшалардағы "есеп айырысу және басқа да", "есеп айырысу және басқа да" деген сөздер тиісінше "банктік" және "банктік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"1,5 еселенген" деген сөз "ресми" деген сөзбен толықтырылсын.

17. XXXI тарауда:

Мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

Салық органдарының шешімдеріне шағым жасау оларға есептелген салықтар

мен айыппұл санкцияларының сомаларын өндіріп алуды тоқтатпайды.

Сот шешімі бойынша негізсіз өндіріп алынған сомаларды салық төлеушілерге қайтару салық органдарының оларды өндіріп алу сәтінен бастап әр күні үшін осы күнге төленген сомасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындаған қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 есеп еселенген мөлшерінде айыпақыларды есептей отырып, үш күн ішінде жүргізіледі."

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Әдістеме

Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама

1-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында салықтық патент негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік қызметінің

ТІЗБЕСІ

I. Тұтыну тауарларын өндіру

-
1. Киімдерді және басқа да тігін бұйымдарын тігу, тоқыма бұйымдарын жаса.
 2. Елтіріден жасалған бұйымдарды тігу.
 3. Табиғи елтіріден жасалған бас киімдер
 4. Тоқыма бұйымдарын жасау.
 5. Аяқ-киімдерді жасау.
 6. Галантерея бұйымдары мен бижутерияларды жасау.
 7. Жасанды гүлдер мен веноктарды жасау.
 8. Жиһаздар мен басқа да ағаш бұйымдарын жасау.
 9. Кілем бұйымдарын жасау.
 10. Металдан жасалған бұйымдарды жасау және орнату.
 11. Қаңылтырдан жасалған бұйымдарды жасау.
 12. Табиғи гүлдер мен көшеттерді өсіру.
 13. Үй жануарларының терілері мен жүндерін дайындау.
 14. Автомобильдер үшін қаптамалар мен резеңке төменіштерін

жасау.

15. Ойыншықтар мен сувенирлерді жасау.

16. Шаруашылыққа қажетті бұйымдарын жасау.

17. Омарташылық өнімдерін өндіру.

18. Азық-түлік тауарларын өндіру.

II. Тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы жеке тұлғалардың қызметі

19. Металл бұйымдарын, қолшатырларды, тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндеу.

20. Сағаттарды жөндеу және граверлік жұмыстар.

21. Киімдерді, аяқ-киімдерді, бас киімдерді, елтірі, тігін және галантерея бұйымдарын жөндеу.

22. Суретке түсіру, бейне жазбаға түсіру және басқа да фото жұмыстары.

23. Радио-телевизиялық аппаратураларды, компьютерлерді жөндеу.

24. Кесетін құралдарды жөндеу және қайрау.

25. Құлыптар жөндеу және кілттер жасау.